

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Жаһандық экономика және  
империализм



**Дәрістің мақсаты:** жаңа заман кезеңінің соңындағы экономикалық, әлеуметтік, саяси, технологиялық пен ғаламдық күштер арасалмағының өзгерістерін ашып көрсету.

**Кілт сөздер:** бизнес айналымы, қарыздық пион, деиндустриализация, бейресми империя, Мэйзди реставрациясы. Жаңа империализм, протекторат, Әлеуметтік дарвинизм, Испан-американ соғысы, Суэц каналы, транссібірлік теміржол.

Бұл дәрісте Сіздермен «Капитал, технология мен ғаламдық күштер арасалмағының өзгеруі» (1860–1914 жж.) деп аталатын тарауды қарастыратын боламыз.

Бұл кезең әлемді бөлісуге әкелген Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттарының піскен кезеңі. Осы уақытта әлемнің экономикалық, әлеуметтік пен саяси дамуы елеулі өзгерістерге ұшырады.

Еуропадағы саяси күйзелістер мен өнеркәсіптік революциядан кейінгі өзгерістер бүкіл планетаның трансформациясына ұласты. Жаһандық өзгеріс ең алдымен, жердің әр алуан бөліктерінің ортақ ақпараттық, экономикалық және саяси кеңістікке бірігуінен көрініс тапты.

Іс жүзіндегі аймақтардың саналы түрде өзара етене жақындасуы олардың тағдырын анықтаған факторға айналды.

Бұл байланыс үлкен саясатпен қатар, күнделікті өмір формасы мен құрылымына әсер етті. Біз бұл «жаһандану» атты құбылысты әлемдік құбылысқа айналған индустриализация, капитализмнің құрлықаралық әсері және Жер шарының елеулі бөлігін еуропалық отарларға айналдырған «жаңа империализмге» назар аудару арқылы ашып көреміз.

Дүниежүзілік құбылыс – табиғи отын индустриясына өзгеріс әкелген оқиғалардың бір-қатарына тоқталамыз. 1860–1914 жылдар аралығында Батыс Еуропа мен Құрама Штаттарында өнеркәсіптер көбейді және Жапония мен Ресейде жаңа индустриялық кластерлер пайда болды. Осы бірнеше онжылдықта өзге мемлекеттердегі кәсіпкерлер, біршама шектеулі ауқымда болса да, бу-қуатты механизмдерді сынақтан өткізді. Бір сараптамаға сәйкес, жан басына шаққанда ішкі жалпы өнімнің көлемі, яғни, жаһандық ауқымдағы қызмет көрсету мен тауар өндірудің жалпы көлемі жалпы халық санына бөлгенде, б.з.д 1500–1820 жылдар аралығында шамамен 18%-ға өсті, алайда 1820 жылдан Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған 1914 жылға дейін 100%-дан көп өсті. Дүниежүзінде халық саны бұрынғыдай өсе берді, бұл құбылыс агро-мәдени технология, халық денсаулығы және медицина саласындағы инновацияның жалғасуы нәтижесінде пайда болды. Алайда олармен бір мезгілде адамдар мен олардың машиналары жер бетіндегі физикалық және табиғи қоршаған ортаны жылдам қарқынмен өзгертіп, бүлдіре берді.

Алғашқы болып өнеркәсіптік төңкерілісті бастан өткерген Англия XIX ғасырдың өн бойында жан басына шаққанда шынайы табыс тұрғысынан ең бай еуропалық мемлекет болып қалды. Дегенмен оның әлемдік өндіріске қосқан үлесі XIX ғасырдың 60-жылдары өз шырқау шегіне жетіп, сосын біртіндеп төмендей бастады. Әрине мұның ішкі себептері бар – атап өтер болсақ, ағылшын кәсіпкерлерінің саудаға аса мән беруі мен үй кәсібіне тәуекелге баратын өзгерістер енгізуді қаламауы. Сыртқы себептер де маңызды болды, яғни Еуропа мен Америкада индустриализация қарқынының өсуі және Ресей мен Жапонияда жас индустриализацияланған экономиканың пайда болуы. Сондықтан ірі капиталды шоғырландырып алып, британдық инвесторлар Британиядан тыс аумаққа инвестиция салуға мүдделі еді.

Еуропа мен Американың индустриалдық қарқынының дамуы XIX ғасырдың екінші жартысында таңғаларлық қарқынмен жүрді. Әсіресе бұл Германия мен АҚШ сияқты екі жас экономикалық алыптарға қатысты. Германияға келсек, 1871 жылы картада пайда болған осы елде мемлекеттің өнеркәсіптік концерндерімен, яғни болат құю (Крупп) мен химиялық (IGFarben) концерндерімен бірігуі айрықша маңызды болды. Американдық сауданың өсуі ең алдымен, жеке кәсіпкерлердің – «индустрия капитандарының» еңбегі арқасында еді. Саны көп және тез дамып бара жатқан ел қажетті энергоресурстардың елеулі қорына, дамыған теміржол желісіне ие болды. Ақыр соңында АҚШ 1880 жылдарға таман Англияны ең үлкен өнеркәсіптік экономикалар тізімінде ығыстырды. Германия Англияны 20 жылдан кейін қуып жетеді.



Ресейдегі индустриализация тәжірибесі аса қызық болды. Қырым соғысында жеңілгеннен кейін өзінің техникалық тұрғыда артта қалғанын бірден болмаса да түсінген Ресей империясы индустриализацияны іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарының соңында ғана бастады. Көп жағдайда аграрлық елге капиталы бар орта тап жетіспеді; үкімет бұл мәселені сырттан келетін бірінші кезекте Франция инвестицияларымен, шаруаларға салынатын тікелей және жанама салық арқылы шешуге тырысты. Көмір мен мұнайға бай Ресейдің ұзақ уақыт бойы қажетті инфрақұрылымы болмады.

1890 жылдары жеке кәсіпкерлер емес, ресейлік үкімет Мысыр үкіметінің индустриализация тәжірибесіне еліктеп, индустриализация бағдарламасын ұсынды. Патшаның экономикалық архитекторы Сергей Витте болды. Ол қаржы министрі қызметін атқарған. Витте Ресей Батыс Еуропаға жіберілетін бидайдың экспортеры ретінде ірі өнеркәсібі дамыған елдерге экономикалық тәуелділікке түсіп қалудан қауіптенді. 1899 жылы ол: «Ресейдің Батыс Еуропамен экономикалық қарым-қатынастары отарлық елдердің өз метрополияларымен байланысына ұқсас. Ресей экономикалық тұрғыда дамыған мемлекеттердің әрқашанғы қызметшісі болды», – деп алаңдап жазады.

Индустриализация империяның аймақтарын қайта біріктірген теміржолдардың құрылысымен қатар жүрді. Оның шарықтау шегі 1903 жылы Транссібір магистралінің ашылуы болды. Бұл магистраль Сібірді батыс облыстардан келетін кейінгі отарлауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның ресурстарын тиімді қанауға жағдай жасады. Халық санының тез өсуі жас өнеркәсіпті жұмысшы күшімен қамтамасыз етті. Дегемен ауылшаруашылығында өнімділіктің төмен болуы демографиялық тасқынға шектеу қойды. Индустриализацияны тежеген басқа да шектеулер болды: жаппай сауатсыздық, ішкі нарықта сатып алу мүмкіндігінің төмендігі, өнеркәсіптің нақты бағытталуы, саяси тұрақсыздық және т.б. Алайда XX ғасырдың басында даму қарқыны бойынша империя Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың индустриалды алыптарынан озып алға шықты.

Жапония Еуропа мен солтүстік Америкадан тыс аумақта индустриализацияны сәтті жүргізген бірінші мемлекетке айналды. Оған XIX ғасырдың ортасында орын алған қайғылы оқиғалар себеп болды. Елде оқшаулану саясатын жүргізген Токугава сегунаты батыстық қысымға төтеп бере алмады және сауда үшін бірқатар порттарды ашуға мәжбүр болды. Американдық командор Мэтью Перридың күш көрсетуі, ағылшындар мен француздардың Цин империясымен соғыстарда жеңіске жетуі және басқа факторлар жапон ақсүйектеріне түбегейлі реформалар жүргізу қажеттігін ұғындырды. Бас тартқан жағдайда Жапония Үндістан мен Қытайдың қайғылы тағдырын қайталайтын еді. Қайта құруға қатысты талқылаулар 1868 жылы сегун және император Муцухитоны жақтаушылар арасында азамат соғысына ұласты. Токугава талқандалды және бірнеше жүз жылдан бері алғашқы рет билік императорлық ауланың қолына өтті.

Император Муцухотының басақару кезеңі оның тақтық есімімен байланысты Мэйдзи Реставрациясы деп аталады. Ол Жапонияның түбегейлі модернизациясын айқындады. Жергілікті князьдар дайменнің билігі таратылды, ал олардың орнын самурайлық сословиеден шыққан және батыстық бағытта тәрбиеленген шенеуніктер алмастырды. Әскер, білім беру, экономика мен әкімшілік салаларда реформалар жүргізу үшін Еуропадан жүздеген кеңесшілер шақырылды. 1889 жылы Жапонияда алғашқы конституция қабылданып, орташа электоралдық база құрылды. Жапония іштей өзгере отырып, өзінің сыртқы бейнесін де өзгертті: дәстүрлі кимоно батыстық костюмға жол берді және жапондықтардың көп бөлігі еуропалық тілдерді меңгерді.

Мэйдзи қайта қалпына келтіру жылдарында басталған білім беру реформасы ұлдармен қатар, қыздарға да пайдалы болды. XIX ғасыр соңында Жапонияда үкіметтің халыққа білім беру ісіне қаржы бөлді.

Мэйдзи кезеңінен бергі өткен 40 жылда Жапония дамыған индустриалдық державаға айналды. Оған ішкі тұрақтылық, самурайлық кодекстен келе жатқан шенеунік аппараттың императорға сөзсіз адалдығына негізделген мәдени бірегейлік, соңында сыртқы қауіп алдында радикалдық шараларды қабылдауға дайындығы ықпал етті. Мемлекет Қытайдың тағдырын қайталаудың алдын алып қана қоймай, өзі де аймақтық үстемдік үшін күреске қосылды.



Өнеркәсіптік өндірістің артуы индустриалдық аймақтарда халық санының жылдам өсуі азық-түлік өндірісі саласына қысымды күшейтті. Ауылшаруашылығына көмекке машиналар, химиялық тыңайтқыштар мен байырғы халықтардан тартып алынған жерлер келді. АҚШ азаматтық соғыстан кейін тынығып алып, өз әскерін Ұлы жазықтарға қарай бағыттады және ол жақтағы үндістерді резервацияларға қоныстануға мәжбүрледі. Олардан босаған жерлер жер жырту үшін қоныстанушыларға беріліп, АҚШ-ты бидайдың негізгі әлемдік экспортеріне айналдырды. Австралия, Аргентина мен Ресей де байырғы тұрғындардың жерін тартып алып, ұқсас сценарий бойынша жүрді.

Әлемдік байлықты қайта бөлісу жаңа жаһандық капитализмнің ең айқын әрі қайғылы символына айналды.

Әрине ортақ жүйенің бөлігі бола отырып, бай мен кедей аймақтар XIX ғасырдың соңында жиілеген рецессиялар мен депрессиялардың жағымсыз салдарларын бастан өткерді. Бай, индустриалды мемлекеттердің көбінесе кедей мемлекеттердің есебінен экономикалық құлдырауды болдырмауға мүмкіндік беретін экономикалық және саяси тетіктері болды.

Метрополия өз үйінде тұрақтылықты сақтау үшін отарлардағы жергілікті халықтың мүддесімен санаспауы да мүмкін еді. Мысалы, Үндістанда құрғақшылыққа қарамастан Англияға азық-түлік экспорттың тоқтатылмауы халықты жаппай аштыққа ұшыратты. Азия мен Латын Америкасында батыс мемлекеттер номиналды тұрғыда тең бірақ құқықсыз келісімшарттардың көмегімен өздеріне қажетті экономикалық жеңілдіктер жасап алды. Кедейлік үшін жауапкершілікті кедейлердің өзіне жүктей отырып, викториандық құндылықтар жүйесі мұндай шаралардың адамгершілігіне қатысты күмәнді соңғы орынға қойды.

Өнеркәсіптік мемлекеттердің үкіметі мен элитасы жасалған ұмтылыстарға қарамастан, қоғамдық пікірді асқындырмау мүмкін болмады. Әлеуметтік наразылықтың негізгі бастауы – өсіп келе жатқан жұмысшы күші еді. Қоғамдық саяси сананың артуы тап ретінде пролетариаттың да өзіндік санасының қалыптасуына әсер етті. Бірақ ол Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін Маркс болжағандай әлеуметтік мәселелерді шешудің революциялық жолынан алыстау еді. Өмір сүру деңгейі мен еңбек шарттарына наразылық білдірген олар жалақының артуын, жұмыс уақытының қысқаруын, денсаулықты жақсартуды, зейнеткерлік қорларды құру және т.б. талап етті. АҚШ-та кең етек алған «нан мен майды» талап еткен кәсіподақтық қозғалыстармен қатар, меншікті қайта бөлу мен құқықтық тәртіпті өзгерту мақсатын ұстаған басқа да жұмысшы ұйымдары болды. Бұларға француздық анархосиндикалистік кәсіподақтар, радикалдық неміс социал-демократтары жүргізген жұмысшы үйірмелері, Ресей империясының батыс губернияларындағы популистік топтар және т.б. жатты. XIX ғасырдың бірінші жартысында барлық жерде орын алған саяси қозғалыстар нәтижесінде қалыптасқан саяси мәдениет индустриализацияның басқа да мәселелерімен бетпе-бет келіп, XX ғасырдың бірінші жартысында өткен революциялардың негізін қалады. Әлемді бай және кедей деп бөлінуге әкелген капитализм орта таптың бейнесінде тұрақтылықты қалыптастыруға тырысты.

Капитализмнің әлемге ықпалы дәстүрлі көзқарастардың батыс ғылымымен алмасуында көрініс тапты. Сөзсіз бұл өзгерістер кезеңі; мысалдар ретінде термодинамика заңдарын ашылуын, Менделеевтың химиялық элементтер кестесін, Луи Пастердың аурулардың микробтық этиологиясы теориясын және Чарльз Дарвин ұсынған түрлердің пайда болуы туралы анықтамасын келтіруге болады. Бірақ санаға тек теория ғана емес, ғылым, техника мен экономика арасындағы өзара байланыс та әсер етеді. Ғылым өндіріс пен тұтынудан шетте қалмады: енді жеке ғалымдар емес, мемлекет пен жеке капитал қолдаған ірі өнеркәсіптік зертханалар ғылыми прогрестің қозғаушы күшіне айналды. Сөзсіз капитализм ғылымды өзіне практикалық құндылық тұрғысынан бағындырды. Сол арқылы ол еуропалық оқулықтарды жүздеген тілдерге аударылуына және Еуропа мен Америкадан тыс алыс аумақта техникалық мектептерді құруға ынталандырды.

Ғасырдың ортасында байқалған Батыстың индустриалдық басымдығы таза саяси гегемонияға айналды. 1900 жылға таман отарлық империялар Африканың 90%-ына, барлық Океания мен Австралияға, Азияның жартысы мен Америкалардың төрттен бір бөлігіне ие болды. Егер оларға дипломатиялық келіссөздер кезінде анықтаған ықпал ету аймақтарын қоссақ, онда Еуропа, Ресей, АҚШ пен Жапонияда алыста орналасқан тәуелсіз мемлекеттердің пайызы минимумға дейін азаяды.



XIX ғасырдың соңында империалистік жаулап алулар негізінен екі аймаққа: Африка мен оңтүстік-шығыс Азияға қатысты болды. Батыс жершарынан олардан айырмашылығы – олар еуропалық отарлық құрылыс үшін кең таралған тропикалық аурулар мен мемлекеттердің жоғарғы ұйымдастырылу деңгейі тұрғысынан қол жетімсіз болып қала берді. 1850 жылға таман еуропалықтар екі кедергіні жоя алды. Медицинаның дамуы, жекелей алғанда хининнің пайда болуы биологиялық иммунитеттің жетіспеушілігін қамтамасыз етті.

Винчестер сияқты көп оқты қару түрлерінің, кейіннен пулеметтің пайда болуы әскери салада – техникалық революцияға әкелді. Орташа тәртіптегі еуропалық отарлық әскерлер саны бірнеше есе басым түскен жергілікті әскерлермен қиналмай соғыса алды. Мұндай әскерлер сирек жеңілді. Ал 1879 жылғы британдықтардың зулустармен қақтығысы кезінде және Францияның Қытаймен Тонкин үшін соғысы кезінде жеңіліске ұшырауы – жергілікті жерді білмеуден және менменшілдіктің нәтижесі еді.

Африка үшін жарыс XIX ғасырдың 80 жылдары басталды. Оның басталуына еуропалық құрлықтағы бірқатар оқиғалар ықпал етті, яғни бұл 1881 жылы Францияның Тунисты өзінің протектораты деп жариялауы, бельгиялық король Леопольд II Конго өзені аумағына қатысты территориялық талаптары, Англия мен Ресей арасындағы Орталық Азиядағы үстемдік үшін бәсекелестіктің күшеюі, француз-прусс соғысынан кейінгі Франция мен Германияның қарым-қатынастарының шиеленісуінің жалғасуы, Осман империясының әлсіреуіне байланысты Таяу Шығысты бөлісу бойынша жоспарлар және т.б. Еуропалық мазасыздықты бәсеңдету және еуропалық мемлекеттердің назарын Еуропадан тыс аумаққа аудару үшін 1884 жылы Отто фон Бисмарк, Германияның «темір канцлері» Берлинде Африкандық құрлықты алдын ала бөлісу мен сның нәтижесінде орын алуы мүмкін қақтығыстардың алдын алу үшін конгресс ұйымдастырды.

Конгресс құрлықты жүйелі түрде бөлісудің бастамасы болды. Кейінгі 20 жылда ағылшындар Каирдан Кейптаунға дейінгі аумаққа бақылау орнатты, француздар батыс Африка мен Экватор айналасындағы кең ауқымды отарлады. Отарлық жарысқа кеш қосылған немістер қазіргі Намибия, Танзания, Камерун мен Того облыстарын жаулап алды; Бельгия өз аймағынан 80 есе үлкен Конго аймағын иемденді; ескі отарлық империялар – Испания мен Португалия да өз иеліктерін кеңейтті. Әртүрлі дәстүрі, тілі, наным-сенімі мен тарихы бар үлкен аумақта тек орташа Либерия (XIX ғасырдың басында босатылған американдық құлдармен құрылған) мен Абиссиния (Эфиопия) ғана өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Халқы тығыз қоныстанған Оңтүстік-Шығыс Азия да отарлық бөлініске түсті. Бирмамен бірнеше соғыстардан кейін ағылшындар бұл ежелгі буддистік корольдікті жаулап алып, оны «Британдық тәждің асыл бағалы тасы» – Үндістанға қосты. 1860 жылдары өзінің отарлауын Кохинхины мен Камбоджаны оккупациялаудан бастап, француздар ғасырдың соңында бүкіл Үндіқытайдың шығыс бөлігін бағындырды. XVII ғасырда қоныстанған голландықтар Зонд архипелагының көптеген аралдарын өзіне бағындырды. Жалғыз тәуелсіз мемлекет болып қала отырып, Сиам (Таиланд) Франция мен Ұлыбритания арасында бейресми ықпал ету аймақтарына бөлінді.

XIX ғасырдың соңында отарлыққа қарсы көтеріліс нәтижесінде пайда болған АҚШ өзіндік империяны құру ниетін білдіреді. Кейінірек қосылған АҚШ әлсіреп бара жатқан Испанияға тиесілі аумақтарды: Филиппины, Пуэрто-Рико мен Гуам (ресми түрде тәуелсіз Куба іс жүзінде американдық протекторат еді) жаулап алды. Өзін сыртқы саяси сахнада сенімді сезіне бастаған Жапония Қытайдан Формозаны (Тайвань) тартып алды; 1910 жылы орыс-жапон соғысындағы жеңістен кейін Токио Кореяны аннексиялады.

1860 жылдары Ресейдің Орта Азияға жылжуы да отарлық сипатта болады. Бұл мысалдар американдықтар мен еуропалықтарға жаһандық үстемдігін идеологиялық тұрғыдан негіздеу керек болды. XIX ғасырдың басы мен ортасында нәсілдік антропологиядан шыққан және дарвинизм айғақтарымен бекітілген ақ нәсілділердің табиғи басымдығы туралы идея отарлық метрополияларға үстемдік алып нәсілшілдікті тудырды.

XX ғасырдың басындағы еуропалықтар мен американдықтар өздерінің ерекше жаратылысына күмән тудырғысы келмеді. Әлемді өзара бөлісіп, олар бір-бірімен жиі қақтығыса бастады. Өзге нәсілдер мен халықтардан артықшылық сезімі енді оларды ең жақын көршілерімен және отарлық бәсекедегі қарсыластарымен ара-қатынасын аша түсті. Максим





пулеметінің зулустық найзадан басымдығы, жергілікті халықты оңай жеңу көпшілікте күш көрсетудің шектелгендігін және алшақтық иллюзиясын тудырды. Оның орнына өздеріне еш пәле дарымайды деген өз-өзіне сенімділік пайда болып, ол 1914 жылғы қақтығыста сананы тұмшалады.

## Сұрақтар

1. XIX ғасырдың бойында қай еуропалық мемлекет басына шаққанда шынайы табыс тұрғысынан ең бай болды?
2. Ресейде Транссібір магистралі қашан ашылды?
3. Жапонияда индустриализацияның Мэйзди реформаларымен қатысы қандай? Осы мәселені ашып көрсетіңіз.
4. Деиндустриализация дегенді қалай түсінесіз?
5. Отарлық күреске XIX ғасырда еуропалық мемлекетерден басқа құрлықтан қай мемлекеттер қатысты?
6. Нәсілдік басымдық идеясының мәнісі қандай?

## Әдебиеттер

1. Angus Maddison, *The World Economy: A Millennial Perspective* (Paris: Organization for Economic Co-operation and Development, 2001), 264.
2. T. H. Von Laue, «A Secret Memorandum of Sergei Witte on the Industrialization of Imperial Russia,» *Journal of Modern History* 26 (March 1954): 66.
3. Maddison, *The World Economy*, 185.
4. Daniel R. Headrick, *Tentacles of Progress: Technology Transfers in the Age of Imperialism, 1850–1940* (New York: Oxford University Press, 1988), 55; W. Dean Kinzley, «Merging Lines: Organizing Japan's National Railroad, 1906–1914,» *Journal of Transport History* 27, no. 2 (Sept. 2006): 48–49; Andrew M. Regalsky, «Foreign Capital, Local Interests and Railway Development in Argentina: French Investments in Railways, 1900–1914,» *Journal of Latin American Studies*, 21, no. 3 (Oct. 1989): 427; A. G. Ford, «Capital Exports for Argentina,» *Economic Journal* 68, 271 (Sept. 1958): 592.
5. C.T. McClenachan, *Detailed Report of the Proceedings Had in Commemoration of the Successful Laying of the Atlantic Telegraph Cable* (New York: Edmund Jones and Company, 1863), 48.
6. Elisabeth Aryton, *The Cookery of England* (Harmondsworth, UK: Penguin, 1974), 429–430, quoted in Sidney W. Mintz, *Sweetness and Power: The Place of Sugar in Modern History* (New York: Viking, 1985), 120.
7. Quoted in Sven Beckert, «Emancipation and Empire: Reconstructing the Worldwide Web of Cotton Production in the Age of the American Civil War,» *American Historical Review* 109 (Dec. 2004): 1405–1438.
8. C. A. Bayly, *The Birth of the Modern World, 1780–1914* (Malden, MA: Blackwell, 2004), 189; Eric Hobsbawm, *The Age of Empire, 1875–1914* (New York: Vintage Books, 1989), 29.
9. Quoted in Mike Davis, *Late Victorian Holocausts: El Niño Famines and the Making of the Third World* (London: Verso, 2001), 107.
10. Niall Ferguson, *Empire: The Rise and Demise of the British World Order and the Lessons of Global Power* (New York: Basic Books, 2002), 201–202.
11. Quoted in Robert G. Athearn, *William Tecumseh Sherman and the Settlement of the West* (Norman: University of Oklahoma Press, 1956), 223.
12. Quoted in Ferguson, *Empire*, 188.
13. Oration of the Ndebele leader Somabulana, quoted in T. O. Ranger, *Revolt in Southern Rhodesia, 1896–97* (Evanston, IL: Northwestern University Press, 1967), 122.
14. Quoted in David K. Wyatt, *Thailand: A Short History*, 2nd ed. (New Haven, CT: Yale University Press, 2003), 197.